

ҚАЗАҚСТАН МЕН ПОЛЬШАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

*Орындағандар: Тұрғынова
М*

*Рахматулла М
Қабылдаған: Елбаева З*

ЖОСПАРЫ

- I Кіріспе
- II Негізгі бөлім
 - 1.Қазақстан мен Польшаның білім беру тенденциялары
 - 2.Қазақстан мен Польшаның білім беру жүйесінің даму кезеңдері
 - 3.Қазақстан мен Польшаның білім беру жүйесіне салыстырмалы талдау
- III Қорытынды

МАҚСАТЫ

- Қазақстан мен Польшаның білім беру жүйесі туралы ақпараттарды жинастыра отырып, екі елдің білім беру жүйесімен танысу, салыстыру арқылы білім беру кемшіліктері мен артықшылықтарын анықтау.

БІЛІМ БЕРУ САТЫЛАРЫ

Мектепке дейінгі білім беру



Бастауыш білім беру



Негізгі орта білім беру



жоғары білім беру



ЖОО-нан кейінгі білім беру

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ

ҚАЗАҚСТАН

- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі ұйымдар бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуді, оқытуды, бағуды, күтуді және сауықтыруды қамтамасыз етеді.
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу міндетті емес болып табылады.
- Жұмыс режимі бойынша: күндізгі, тәулік бойы, икемді режимді.
- Мектепке дейінгі ұйымдар мемлекеттік және жеке меншік болуы мүмкін.

ПОЛЬША

- Польшада мектепке дейінгі тәрбие мен оқу міндетті емес. Балалардың мектепке дейінгі мекемелерге бару бармауы ата-аналар қалауы бойынша жүргізіледі.
- Балабақшаға балалар 3-6 жас аралығында барады. Балабақшада бала тегін 5 сағат көлемінде тәрбиеленеді, ата-ана балаларын одан да ұзақ уақытқа қалдырғысы келген жағдайда қосымша ақы төленетін болады.
- Балалардың 3-5 жас аралығында балабақшаларға баруы міндетті емес болғанымен, 6 жаста әр бала мектеп алды даярлықтың жылдық бағдарламасы бойынша балабақшаларда тәрбиеленеді. Бұл кезеңнен өтпей бала мектепке бара алмайды.

Балаларды жасына қарай топқа бөлу:

- - ерте жастағы балалар тобы – 1 жастан 2 жасқа дейін;
- - бірінші кішкентайлар тобы – 2 жастан 3 жасқа дейінгі;
- - екінші кішкентайлар тобы– 3 жастан 4 жасқа дейін;
- - орта - 4-тен 5 жасқа дейін;
- - балаларға арналған мектепке дейінгі топ – 5-тен 6-ға дейін;
- - мектепке дайындық – 6-дан 7-ге дейін.

□ Балабақшалар жекеменшік және мемлекеттік болады.

Жекеменшік балабақшалар баланың көп болуымен, балалар тобының көп болуымен ерекшеленеді. Негізінен жекеменшік балабақшаларға тұрмыстық жағдайы жақсы қамтамасыз етілген отбасы балалары барады.

Орташа табысты отбасы балалары мемлекеттік балабақшалар қызметіне жүгінеді.

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ

ҚАЗАҚСТАН

- Оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.
- Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – төрт жыл.
- Бастауыш білім мазмұнын алты білім саласы құрайды: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Дене шынықтыру». «Тіл және әдебиет» білім саласына енетін пәндер: сауат ашу(оқу, жазу), қазақ тілі, әдебиеттік оқу, қазақ тілі, орыс тілі, әдебиеттік оқу, орыс тілі, шетел тілі.

ПОЛЬША

- Бастауыш білім беру 7-13 жас аралығын қамтиды.
- Бастауыш білім алудан бұрын бала 6 жасында мектепке даярлық кезеңінен өтеді. Бұл міндетті болып табылады.
- Білім берудің алғашқы 3 жылында оқушы «жалпылама сабақтарға» қатысады, 1 сыныпта мұндай сабақтар аптасына 15 сағатты құраса, 2-3 сыныпта 17-18 сағатты құрайды. Бастауыш білім беру 6 жылға созылады.

ҚАЗАҚСТАН

- Бастауыш білім беру деңгейінде оқу аптасының ұзақтығы 5 күнді құрайды. Білім мазмұнының тәрбиелік және дамытушылық әлеуетін нығайту мақсатында 6-күн үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлігіндегі сабақтар үшін пайдаланылады.
- 1–4-сыныптарға оқу жылы ішінде 3 рет каникул беріледі: күзде, қыста және көктемде. 1–2-сынып оқушылары үшін үшінші тоқсанда 1 апта қосымша демалыс беріледі.
- Жалпы білім беру ұйымдарында 1-сыныптағы сабақ ұзақтығы 35 минут, 2–4-сыныптарда 45 минутты құрайды. Бастауыш сыныптарда қосарланған сабақ өткізуге рұқсат етілмейді. Бастауыш білім беру деңгейінде сыныптағы оқушы саны 20-дан аспауы керек.

ПОЛЬША

екі кезеңнен тұрады:

- бірінші кезең 1-3 сыныпты қамтиды. Бұл кезде оқушыларға жалпы барлық пәндерден бір ғана мұғалім сабақ береді. Тек музыка, дене шынықтыру, шет тілінен арнайы даярланған мұғалімдер білім береді. Сабақ уақыты нақты қатаң фарматта жүргізілмейді. Сондай-ақ, ата-аналар қалауы бойынша балалар әдеп және дінтану сабақтарына қатысады.
- екінші кезеңде 4-6 сынып қамтылған. Бұл кезеңде білім алушыларға белгілі бір пәнге арнайы білімі бар мұғалімдер сабақ береді және сол мұғалімдердің бірі сынып жетекшісі болып бекітіледі. Оқытылатын негізгі пәндер: польша тілі, шет тілі (ағылшын тілі), математика, дүниетану, қоғам және тарих, музыка, бейнелеу өнері, техникалық пәндер (еңбек), информатика, дене шынықтыру, әдеп және дінтану сабақтары (ата-аналар қалауы бойынша).
- Алтыншы сыныпты аяқтағаннан соң барлық оқушы орталықтандырылған тестілеуден өтеді. Алайда бұл тестілеу негізгі орта білімді қорытындылау нәтижесіне және әрі қарай гимназияға қабылдануға әсер етпейді.

НЕГІЗГІ ОРТА МЕКТЕП

ҚАЗАҚСТАН

- Негізгі орта білім беру 5-9 сыныпты қамтиды.
- Негізгі орта білім беру міндетті және тегін.
- Негізгі орта білім мазмұнын жеті білім саласы құрайды: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру».
- Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің : 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9-сыныпта – 38 сағаттан.
- Негізгі жалпы білім беретін бағдарламалар тиісті мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарының негізінде әзірленеді

ПОЛЬША

6 жылдық бастауыш білімді меңгерген польшалық оқушы одан ары гимназияда білім алуды жалғастырады.

Гимназияда білім алу 3жылға созылады (13-16) Гимназияда білім алу 1999 жылғы реформалардан кейін енгізілген.

Оқылатын негізгі пәндер: польша тілі, екі шет тілі - ағылшын және неміс немесе орыс тілдері, музыка, бейнелеу өнері, тарих, қоғам, география, биология, химия, физика, математика, информатика, дене шынықтыру, әртістік өнерге баулу сабақтары (2009 жылдан бастап енгізілген) және технология сабағы. Ата-аналар тілегі бойынша балалар отбасылық өмірге дайындық сабақтарын да өте алады.

ҚАЗАҚСТАН

- Негізгі білім беру деңгейінің басты мақсаты – игерілген білім, білік, дағдылар мен іс–әрекет тәсілдеріне негізделген мәдени базалық деңгей мен дүниетанымды қалыптастыру.
- Негізгі мектепте оқу іс-әрекетін ұйымдастыру жеке тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыру механизмдерін, ғылыми таным мен ойлау әдістерін, зерттеу мәдениетінің негіздерін меңгеруін, кәсіби ниеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.
- Негізгі орта білім беру білім беру бағдарламаларының аяқталуын және осы деңгейге тән түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін міндетті базалық деңгей болып табылады.

ПОЛЬША

- Гимназияда білім алу сынақпен қорытындыланады. Сынақ гуманитарлық, жаратылыстану және математика, тілдік білім бағытында жүргізіледі.
- Гуманитарлық бөлімге польша тілі, қоғам, тарих пәндері кірсе, екінші бөлімге математика, география, биология, химия және физика бойынша сұрақтар қойылады.
- Сынақ қорытындысына сәйкес колледж, лицей, техникумдар мен кәсіптік мектептерге қабылдану жүзеге асады.

ПОЛЬША. КӘСІПТІК ОРТА БІЛІМ

▣ Техникум

Техникумда білім алушылар жалпы білім беретін пәндермен қоса мамандыққа бағдар беретін пәндерді оқиды. Бұл пәндерді игеру барысында олар белгілі бір маман иесі болып шығады. Техникумды бітіргенде мамандық иесіне диплом беріледі. Оқу процесі төрт жыл. Техникумды бітірген соң лицейден кейінгі мектепте немесе жоғарғы оқу орынында білім алуды жалғастыруға болады.

▣ Кәсіби мектептер

Негізгі кәсіби мектеп мамандарды еңбек нарығындағы өзгерістерге төтеп бере алатын және еңбек нарығына сай қайта мамандана алатындай дәрежеде тәрбиелейді. Таңдалған мамандық бойынша кәсіби біліктілікті растайтын диплом берумен білім беру процесі аяқталады.

ЛИЦЕЙДЕГІ БІЛІМ БЕРУ

- Польша білім беруінің ерекшелігі осы лицейдегі білім беру болып табылады. Біздің және көптеген шет елдерде орта мектептің 10-11 сыныптары оқылып жатқан уақытта польшалық білім алушылар бұл кезеңге кемінде 3 жыл уақытын кетіреді. Жоғарғы оқу орнына 19-20 жаста аяқ басады.
- Лицейдің негізгі мақсаты орта мектепте алынған білімді қорытындылайтын сынақ "матураға" даярлау. Матураны проценттік жүйеде бағалайды.
- Сынақтан өткен болып саналады, егер 30% сұраққа жауап берілсе. Одан ары жоғарғы оқуға қабылдану процесі жүреді.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ

Кәсіптік орта білім колледждерде, училищелерде негізгі, жалпы білім беру базасында конкурстық негізде алынып, жалпы орта білім алумен ұштастырылады және ол кәсіптік орта білім алып шығатын мамандар даярлауға бағытталған.

Колледжде, училищеде оқу мерзімі - 3-4 жыл.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында

балалардың негізгі үлесі (81,3%) күндізгі оқу нысанымен,

18,3%-ы сырттай оқу нысанымен, 0,4%-ы кешкі оқу

нысанымен қамтылған.

ТҚБМ-ДЕГІ (ТЕХНИКАЛЫҚ-КӘСІПТІК БІЛІМ МЕКЕМЕСІ) СТУДЕНТТЕР САНЫ:

жылдар	1999-2000	2005-2006	2010-2011
Студенттер саны (барлық оқитын), адам.	232 448	501 815	604 244
Мемлекеттік ТҚБМ-де, адам.	196 619 84.6%	3120- 249 62.2%	349 183 57.8%
Жеке меншік ТҚБМ-де, адам	35 829 15,4%	189 566 37.8%	255 061 42.2%



ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ

ҚАЗАҚСТАН

- 2010 жылы Қазақстан Балон келісіміне ресми түрде қосылып, Еуропалық жоғарғы білім беру жүйесінің 47 мүшесі болып бекітілді. Осы келісімге сәйкес қазақстандық ЖОО-да білім берудің 3 сатысы қарастырыллады:
- Бакалавр- 4 жыл
- Магистратура- 2 жыл
- Доктарантура- 1 жыл

ПОЛЬША

- Польша да Балон келісіміне қосылған мемлекет болып табылады.
- 3 сатылы:
- Бакалавр -3,5-4 жыл, медицина ,инженерлік іс, архитектура және т.б мамандықтарынан басқалары.
 - Магистратура-2-2,5 жыл.
 - Доктарантура.

ҚАЗАҚСТАН

- Қазіргі уақытта 148 жоғары оқу орны : 9 ұлттық, 2 халықаралық, 32 мемлекеттік, 12 азаматтық емес, 90 жеке меншік жұмыс істейді, оның ішінде 16-ы акционерленген, онда 595 мыңнан астам студент білім алады.

ПОЛЬША

- Қазіргі кезде 450 ЖОО бар, олардың 320- сы жекеменшік.
 - Польша азаматтары үшін білім алу тегін, шет ел азаматтары ақылы түрде білім ала алады.
 - Оқу процесі күзгі және қысқы семестрге бөлінген.
 - Оқу жылы 30 оқу аптасынан тұрады.
-

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТТЕР



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) - Қазақстан Республикасының жоғары оқу орны. Университет 180 сала бойынша мамандар дайындайды. QS World University Rankings Results 2011 және Top Universities сайтының келтірген деректеріне қарағанда университет 2009 жылы 600 орынға төмен болған, ал 2010 жылы 501-550 аралығында болса, 2011 жылы 401-450 аралығына дейін көтерілген, 2012 жылғы әлемдік үздік 390-шы университет.



Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (ҚазҰПУ) - ҚР ең алғашқы Жоғарғы оқу орны. 2005 жылы МС ИСО 9001:2000 сапа саласындағы халық -аралық стандарттарға университеттің сапа менеджмент жүйесінің сәйкестігін (СМЖ) сыртқы сертификациялық аудит анықтайды, оған IQNet халықаралық Сертификат және "Русский Регистр" Сертификаты 2005 жылы 10 қарашада дәлел болады. 2006 жылы ҚР БҒМ өткізген оқытудың несиелік жүйесі бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ эксперимент базасы болып табылады.



Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті - **Астанада**

орналасқан Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірі. 2012 жылы www.topuniversities.com сайтының рейтингтік жариялауы бойынша әлемнің ең үздік 369-шы университеті болып саналады.

ПОЛЬШАНЫҢ ҮЗДІК ЖОО



Краков қаласындағы ЖОО



ВАРШАВА УНИВЕРСИТЕТИ

Құрылған мерзімі: 19 қараша 1816 жылы

Студенттер саны: 60 мыңнан астам

Ғылыми қызметкерлер саны : 3 100 адам.

Польшадағы ең үздік ЖОО болып саналады.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ҚАЗАҚСТАН

- «Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін дамытуға арналған 2005—2010 жылғы бағдарлама» бойынша білім беруге 330 812,0 млн тенге көлемінде қаржы бөлінді.
- Білім беруге 2004 году 31 миллиард тенге, в 2007—131,5 миллиард тенге; 2012—2014 жылы 1 132 миллиарда тенге:
- 2012 жылы — 365 миллиардов тенге
- 2011 жылы — 260 миллиардов тенге игерілген болатын.
- ҚР «2013-2015 жылдарға арналған Мемлекеттік бюджет» бойынша 2013 жылы 469,6 млрд тенге білім саласында игерілуі керек.

ПОЛЬША

- Білім беру саласын қаржыландыру мемлекет тарапынан жүргізіледі. 90% қаржыны мемлекет бөлсе, қалған 10% өзге демеушілер тарапынан бөлінеді.
- Қаржыландыру :
 - 43,3% - техникалық ғылымдарға ;
 - 24,4% - жаратылыстану ғылымдарына;
 - 15,2% - медицина саласына;
 - 3,6% - гуманитарлық ғылымдарға
 - 13,5% - ауылшаруашылығы саласына.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!